

БОЛЬШЕ,
ЧЕМ ПРОСТО
ВЫСТАВКА

CAF
CENTRAL ASIA FASHION

36 INTERNATIONAL FASHION EXHIBITION
МЕЖДУНАРОДНАЯ ВЫСТАВКА МОДЫ
AUTUMN-2025

28-30 JULY / ИЮЛЬ / ШІЛДЕ

ELITELINE
INTERNATIONAL EXHIBITION • SHOES • FUR • LEATHER • ACCESSORIES

supported by
euro shoes
premiere collection

2025

6 Международная Выставка обуви, меха, кожи и аксессуаров
6 International Exhibition of Footwear, Fur, Leather and Accessories

28–30 шілде аралығында Алматы қаласы Орталық Азия өңіріндегі fashion-индустрия өкілдері үшін тағы да тартылыс орталығына айналмақ: «Атакент»

ҚІЫО кешенінде 36-шы Central Asia Fashion Autumn-2025

Халықаралық сән көрмесі және 6-шы Eliteline-2025 Халықаралық аяқ киім, тері, былғары және аксессуарлар көрмелері өтеді

Сән әлеміндегі жетекші іс-шаралар 17 елден келген 230-дан астам қатысушы компанияны біріктіреді. Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Әзербайжан, Түрікменстан, Тәжікстан және Ресейден келген 7000-нан астам байерлер 2025/2026 жылдардың Күз–Қыс маусымына арналған жаңа киім, аяқ киім және аксессуарлар топтамаларымен алғашқылардың бірі болып танысады. Fashion-индустрияның мамандары алдағы маусымның трендтерін бағалауға, тұтынушылардың сұранысына сай өзекті ассортимент қалыптастыруға және жетекші өндірушілермен және жеткізушілермен іскерлік байланыс орнатуға бірегей мүмкіндік алады. Central Asia Fashion Autumn-2025 және Eliteline-2025 көрмелеріне қатысу байерлерге тиімді келісімшарттар жасасу, серіктестік желіні кеңейту және қарқынды өзгеріп жатқан нарық жағдайында тұрақты өсімге қол жеткізу жолын ашады.



Халықаралық Central Asia Fashion сән көрмесінің павильоны (дронмен түсірілген бейне)

Autumn-2025 маусымы «Атакент» ҚІЫО бірден үш павильонын — 9-, 10 және 11-павильондарын қамтитын, 10 000 шаршы метрден асатын ауқымды көрме алаңында өтеді. Мұндай көлемдегі көрме кеңістігі алғаш рет наурыз айында өткен Spring-2025 көктемгі маусымында пайдаланылып,

жобаның қарқынды дамып келе жатқанын және кәсіби қауымдастық тарапынан тұрақты қызығушылық бар екенін айқын көрсетті. Қалыптасқан оң серпін ұйымдастырушы — CATEXPO компаниясын ауқымды кеңеюге шабыттандырды. Алдағы күзгі маусымда экспоненттер мен қонақтар үшін жайлы әрі нәтижелі жұмыс жүргізуге арналған неғұрлым ойластырылған инфрақұрылым ұсынылады.

Алаң көлемінің ұлғаюы брендтерді ауқымды түрде таныстыруға, қатысушылар санын арттыруға және жоғары деңгейдегі имидждік іс-шаралар өткізуге жаңа мүмкіндіктер ашады. Бір алаңда экспонент компаниялар, байерлер, дизайнерлер, стилистер, модельдер, медиа өкілдері мен блогерлер қауымдастығы жиналады. Fashion-ритейл саласындағы кәсіби мамандарға ғана шектеулі түрде қолжетімді, нақты оффлайн B2B форматына бағытталған іс-шара нысаналы аудиторияның жоғары шоғырлануын қамтамасыз етеді. Мұндай формат қатысушыларға өз топтамаларын тиімді таныстыруға және табысты маусымның негізіне айналатын келісімшарттар жасауға мүмкіндік береді.



Central Asia Fashion көрмесінде кез келген креатив қолдау табады

Азия мен Еуропаның альянсы

Жоба іске қосылған 20 жыл ішінде 55-тен астам қатысушы ел өз топтамаларын Алматыда ұсынды. 36-шы Central Asia Fashion Autumn-2025 Халықаралық сән көрмесіне және 6-шы Eliteline-2025 Халықаралық аяқ киім, тері, былғары және аксессуарлар көрмесіне Түркия, Қазақстан,



Ең үздік көтерме бағамен ұсынылған топтамалар 7 елден келетін байерлерді күтуде

Ресей, Германия, Моңғолия, Украина, Италия, Қытай, Өзбекстан, Франция, Беларусь және басқа да бірқатар елдердің компаниялары қатысады. Байерлерді барлық жастағы топтарға арналған киім, кешкі көйлектер, спорттық киім, іш киім, plus size өлшеміндегі киім сынды тауарлардың бай таңдауы күтуде — әрі мұның бәрі өндірушілерден тікелей көтерме бағамен ұсынылады. Central Asia Fashion көрмесіне екінші рет қатысуын растаған италиялық Centergross Bologna қауымдастығы Еуропаның Орталық Азия нарығына деген жоғары қызығушылығын тағы бір мәрте дәлелдеді. Италияның сән индустриясының жүрегінде орналасқан, жалпы ауданы 1 000 000 шаршы метрден асатын аумақта орналасқан Centergross Bologna — 700-ден астам компанияны біріктіретін ең ірі сән кластерлерінің бірі. Италиялық қатысушылар Орталық Азия fashion-нарығының байерлерімен және кәсіби өкілдерімен кездесуге қуанышты, олар өз өнімдерін ұсынып, жетекші италиялық брендтермен ынтымақтастық мүмкіндіктері туралы кеңірек айтып беруге дайын.

Француздық LEO&UGO бренді де Орталық Азия өңіріне басымдық беріп, Central Asia Fashion көрмесінде өзінің дизайнерлік стендін ұсынады. Зерделене әзірленген, сәнді әрі ерекше бұл стенд көрменің ең жарқын экспозициялық шешімдерінің бірі болмақ. LEO&UGO компаниясының қатысуы халықаралық fashion-компаниялардың Орталық Азия нарығында дамуға деген қызығушылығын айқындай отырып, іскерлік өзара әрекеттестіктің жаңа мүмкіндіктерін ашады.



CAF Autumn-2025 көрмесінде әлемдік жетекші өндірушілердің жаңа топтамалары ұсынылады

Күзгі маусымның ерекшелігі — дәл осы кезеңде ғана өтетін Eliteline халықаралық аяқ киім, тері, былғары және аксессуарлар көрмесі. Бұл көрме қатысушы елдер мен байерлер үшін мүмкіндіктер аясын айтарлықтай кеңейтеді. Eliteline көрмесінің өткізілуі өңірдегі аяқ киім мен тері сегменттерінің дамуына қуатты серпін береді. Euro Shoes және Eliteline арасындағы стратегиялық одақтың арқасында Eliteline көрмесі саланың жетекші ойыншыларын біріктіретін ауқымды салалық альянстың бір бөлігіне айналды. 2025 жылғы күзгі маусымда Euro Shoes қолдауымен іс-шараға әртүрлі елдерден 30-дан астам аяқ киім компаниясы қатысады, олар жаппай және премиум сегмент өнімдерін ұсынады.

Ерекше назар OGSD (The Organic Apparel Industrialists Association) — жоғары сапалы тері өнімдерін ілгерілету ісінде сенімді серіктес ретінде танылған Түркияның тері өнеркәсіпшілері мен кәсіпкерлері қауымдастығы сынды жетекші халықаралық бірлестіктердің ресми қатысуына аударылады. Осылайша, Eliteline-2025 көрмесі жаңа топтамалардың көрмесі ғана емес, Орталық Азия нарығындағы өз позицияларын нығайтып, жаңа экспорттық бағыттарға шығуға ұмтылатын брендтер үшін стратегиялық өсу нүктесіне айналады.



Көрмеде жаңа аяқ киім топтамаларының көрсетілімдері ұйымдастырылады

Central Asia Fashion көрмесіндегі цифрлық технологиялар

Халықаралық Central Asia Fashion сән көрмесі жыл өткен сайын ауқымын кеңейтіп, қатысушылар мен қонақтарды тек көлемімен ғана емес, түрлі форматтағы іс-шараларымен, мазмұнды іскерлік бағдарламасымен және жоғары ұйымдастырушылық деңгейімен таңғалдырып келеді. Autumn-2025 маусымының салтанатты ашылуы маңызды оқиға болмақ. Ашылу рәсімінде ресми тұлғалар, жетекші салалық ұйымдардың өкілдері — İHKİB, OGSD, Euro Shoes, сондай-ақ іскерлік орта делегаттары құттықтау сөз сөйлейді. Үш күн бойы көрме қатысушылары өздерінің жаңа топтамаларын арнайы сәндік жаңалықтарды көрсетуге арналған трансформер-подиумда және шоурумдарда ұсынады. Модельдердің қатысуымен кәсіби деңгейде ұйымдастырылған сән көрсетілімдері CAF көрмесіне келушілердің әрдайым жоғары қызығушылығын тудырады.



Eliteline көрмесі — аяқ киім және тері сегменттерінің дамуына қуатты серпін беретін маңызды платформа

Central Asia Fashion көрмесінде алғаш рет қазақстандық дизайнер, танымал балалар сәнінің маманы Сабина Вольскаяның сән көрсетілімі өтеді. Оның топтамалары бес жылдан астам уақыт бойы әлемнің жетекші fashion-апталарының подиумдарын сәнге бөлеп келеді. Сабина Вольская — халықаралық деңгейде haute couture санатындағы балалар сәнін ұсынған Қазақстаннан шыққан алғашқы дизайнер. Оның туындылары табысты түрде Oriental Fashion Week (Франция),

Milan Fashion Week (Италия), Istanbul және Cappadocia Fashion Week (Түркия), Emirates Fashion Week (БАӘ), Azerbaijan Fashion Week, Mercedes-Benz Fashion Week (Ресей), Tbilisi Fashion Week (Грузия) сияқты подиумдарда және Қазақстандағы ірі сән шараларында көрсетілген. Жуырда дизайнер Мароккода өткен көрсетілімде Қазақстанды таныстырып, қазақстандық fashion-дизайнның географиясын одан әрі кеңейтті.

Сабина Вольскаяның топтамасын Central Asia Fashion көрмесінде таныстыру ерекше маңызға ие: бұл балалар сәнін дербес әрі келешегі зор бағыт ретінде мойындаудың маңызды қадамы ғана емес, сонымен қатар Қазақстанның әлемдік сән картасындағы мәртебесінің артып келе жатқанын айқын дәлелдейді. Брендтің тұжырымдамасы жоғары сән мен жайлылық пен функционалдылықты үйлесімді ұштастыруға негізделген — бұл балалар киімінде аса жоғары бағаланатын қағидаттар.



Көрме қонақтары әрдайым қатысушы елдердің сән көрсетілімдерін асыға күтеді

Көрме әрдайым заман ағымына сай дамып, қатысушылар мен байерлердің жайлылығы үшін заманауи цифрлық шешімдерді енгізіп келеді. Жаңа күзгі маусымда келушілердің ыңғайы үшін арнайы Telegram-бот іске қосылды. Оның көмегімен барлық өзекті ақпаратты — іс-шаралар кестесінен бастап алаңдағы навигацияға және қатысушылар жаңалықтарына дейін — жедел алуға болады. Тіркеу үдерісі бұрынғыдан да жылдам әрі ыңғайлы болды — жаңартылған сауалнама арқылы барлық кезеңдерден небәрі бірнеше минут ішінде өтуге болады, әрі бұл мобильді құрылғыдан да, компьютерден де оңай жүзеге асырылады. Бұл ірі іс-шара қарқыны жоғары жағдайда өте маңызды. Сонымен қатар, көрмеде жақсы бағдарлану үшін интерактивті 2D-карта әзірленді. Оның көмегімен қажетті стендтерді оңай табуға, сән көрсетілімдерінің, бизнес-сессиялар мен басқа да маңызды іс-шаралардың кестесін бақылауға болады. Заманауи цифрлық құралдар Central Asia Fashion көрмесіндегі уақытты тиімді өткізуге мүмкіндік беріп, қатысушылар мен келушілер үшін оны одан әрі жайлы әрі өнімді етеді.

Бизнес-бағдарлама: өзектілік, сараптамалық мазмұн, практикалық пайда

Central Asia Fashion көрмесінің көптеген жылдар бойы басты құрамдас бөліктерінің бірі болып келе жатқан бизнес-бағдарлама — Орталық Азияда баламасы жоқ бірегей сараптамалық платформа. Бұл алаңда жаңа бизнес-модельдер қалыптасып, заманауи сын-қатерлер мен трендтер талқыланады, алдағы бірнеше жылға арналған сән индустриясын дамыту стратегиялары әзірленеді.

Бизнес-бағдарламаның басты артықшылықтарының бірі — осы кеңістікте қалыптасатын белсенді нетворкинг. Биылғы маусымда да іскерлік кездесулерге арналған арнайы аймақтар көрменің үш павильонының барлығында қайта ұйымдастырылады.

Көрменің жарқын элементтерінің бірі — Консультациялық орталық болмақ. Оның аясында «Style Session» имидж-стилистер қауымдастығының стенді жұмыс істейді. Келушілер «Уақытша имидж кеңесшісі» қызметін пайдаланып, 2025/2026 жылдардағы Күз–Қыс маусымының өзекті трендтері туралы біле алады, сондай-ақ сән, стиль және көрнекі имидж тақырыптарындағы шеберлік сабақтарына қатыса алады.



«Style Session» имидж-стилистер қауымдастығының жұмысы

CAF бизнес-конференциясы аясында үш күн бойы бірнеше елдің сән индустриясындағы жетекші 30-дан астам сарапшысы қатысатын 6 сараптамалық сессия өтеді. Бизнес-конференцияның жүргізушісі, оқыту семинарлары мен іскерлік бағдарламалардың ұйымдастырушысы және модераторы, сондай-ақ «PROfashion» медиахолдингінің іскерлік бағдарламалар жетекшісі Наталья Миронова бағдарламаны дайындау кезінде келесідей басымдықтарға назар аударылғанын атап өтті: *«Бағдарлама аясында заманауи бизнестің алдында тұрған негізгі тақырыптар қарастырылады: коммерциялық табысқа жетелейтін топтамаларды құру құпиялары, бизнесте жасанды интеллект пен нейрожелілерді тиімді әрі қолжетімді пайдалану, сондай-ақ маркетплейстердегі сатылымды арттыруға арналған нақты құралдар. 30 шілде, көрменің соңғы күні, Қазақстандағы жетекші онлайн-алаңдардың өкілдерімен кездесу өтеді. Бұл — қазіргі таңда көптеген кәсіпкерлерді толғандыратын*



CAF бизнес-конференциясы қоғам мен бизнес үшін ең өзекті тақырыптарды қамтуға бағытталған

маркетплейстермен серіктестік мәселелері бойынша тікелей кеңес алудың тамаша мүмкіндігі. Қазіргі нарық жағдайында бизнесті табысты дамыту үшін басқа ойыншылармен қатар болу, тәжірибе мен сараптамамен алмасу, бірігу – бәсекелесуден әлдеқайда маңызды», — деп атап өтті Наталья Миронова.

Central Asia Fashion көрмесінің ұйымдастырушылары кәсіби стандарттың жоғары деңгейін тұрақты түрде сақтап, сән индустриясындағы өзекті трендтерді ұстануды жалғастырып келеді, сонымен қатар кәсіби қауымдастықпен кеңейтілген диалог жүргізуді назарда ұстайды. Мұндай стратегия бүкіл өңірлік fashion-саланы дамытуға бағыт-бағдар беріп, көрменің Орталық Азиядағы сән индустриясына арналған жетекші B2B-платформа ретіндегі мәртебесін нығайтады.

Central Asia Fashion Autumn-2025 және Eliteline-2025 көрмелеріне қатысу шарттары, бизнес-конференция бағдарламасы және келушілерге арналған ақпарат ресми сайтта —

www.fashionexpo.kz,

сондай-ақ әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларда — @centralasiafashion қолжетімді